

БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

Қашықтықтан оқыту тәжірибесі

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.01.2021

СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/88282/

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Нурагунова Паридам Ахметқызы

Алматы облысы

Еңбекшіқазақ ауданы

Шелек ауылы

П.Вихрев орта мектебінің

Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі

Мақалада білім берудің кейбір мәселелерін қарастыру арқылы педагогтердің білім деңгейін арттыруда қашықтықтан оқыту технологиясы жеке ұстаздың тәжірибесі қарастырылған

Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізгеніне байланысты еліміздегі барлық мектеп оқушылары 2020-2021 оқу жылының 1 жартыжылдығын қашықтықтан білім алу форматында өткеріп жатыр.

Білім беру жүйесін жан-жақты ақпараттандырып, қашықтан оқытудың алғы шарттары Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында айқын

көрсетілген.

Қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта бәріміз қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың онлайн формасында сабақтарымызды өткізіп жүрміз. Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Қашықтан оқыту кезіндегі ата-ананың рөлі аса құнды екеніне назар аударуға болады. Әсіресе бастауыш сыныпта оқитын балалары бар ата-аналарға көп «қиыншылық» түсті десек, артық болмайды. Өткені дәл осы ата-аналар баласының оқуын тікелей өз бақылауында ұстай отырып, мұғаліммен тығыз байланыста жұмыс жасайтыны шындық. Бәрімізге аян ата-ана қадағалаушы, қолдаушы және қорғаушы рөлін атақарып жатыр. Қашықтан оқытуда, бала ата-ана мен ұстаздың қолдауына, көмегіне қаншалықты зәру болса, ата -ана мен ұстаздардар да бір- бірімен тығыз байланыста болу керектігін көрсетті.

Бүгінгі қиын сәтте сан қырлы мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі орасан зор екенін ешкім де жоққа шығармайды. Мұғалім –мектептің жүрегі бола отырып, қазіргі қашықтықтан оқыту кезеңде өзінің тікелей атқаратын қызметінің едәуір ұлғайғанымен қатар, жаңа интернет ресурстарын, желілерін бағындыру қажеттіліктерін өзіне пайдасын тигізіп жатқанын айтар едім. Ұстаздарға әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: олар қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді.

Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Интернет жүйесін толық меңгере отыра, нағыз өз ісінің шеберлері өз саласына қатысты тиімді оқыту әдістерін қолдануда. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Қашықтықтан оқыту ең алдымен, ұстаз және оқушылардың қашықтықтан оқытудың сыныптағыдай маңызды екендігіне көз жеткізуі керек. Алайда ұстаз бен оқушылардың арасында қашықтық болатыны сөзсіз. Оқушылар материалды өз бетінше зерделеуге мұқият болулары керек, бақылау олардың онлайн тапсырмаларын бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Оқушыларға материалды игеруге және тапсырмаларды орындауға арналған уақытты

нақты анықтауды қажет етеді. Басқа да басқа ұстаздардың онлайн режимінде жаттығулар жасайтындығын ұмытпау қажет, сондықтан балаларға оқу материалдарының көптігін жүктемеуге тырысу міндеттеледі.

Ұстаз үшін де, оқушылар үшін де оқу платформасын таңдау өте маңызды сәт болып табылады. Материалды игеру сапасы білім мазмұны бар платформаға байланысты. Әрине, кез келген ұстаз балалар үшін Интернет-жаттығулар мен оқуға арналған әртүрлі интернет-ресурстарға сілтемелер жасай алады. Сіз сонымен қатар ашық құжаттарды пайдаланып мәтіндер мен тест формаларын өзі жасай алады. Алайда, жаңа материалды зерттей отырып, оқытуды неғұрлым жан-жақты жүзеге асыру, оны жинақтау және тестілеу бір парадигмада тек білім беру порталының көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен қатар қашықтықтан оқыту нысанын таңдау керек. Жеке басым онлайн сабақтарды ұсынылатын оқу платформалары: BilimLand; Kyndelik. Kz, Online Mektep арқылы жүзеге асырып жатырмын. Платформалардың оқушылар үшін өте сауатты жасалған, оқушылардың жас деңгейлерін ескере құрастырылғанын ауыз толтыра айта аламын. Кез келген тапсырманы көптеген суреттер, маңызды ақпараттар, аудио және бейнежазбалар арқылы оқушылардың тапсырманы орындауға қызығушылығын оята отыра, әр тапсырманы талпына жасауға зор мүмкіншіліктер берілген.

Online Mektep платформасында сабақ кестесін сақтап қоямын, ал жаттығу басталған кезде барлық материалдар орналастырылып, балаларға жеткізілуін қадағалап отырамын. Тексеруге жіберілген ашық тапсырмалар мен материалдарды жаңа сабақ басталғанға дейін 3 сағаттан кешіктірмей бағалау керек екенін ескертіп қоямын, әйтпесе балалар қашықтық сабақтың ынтасы мен маңыздылығын жоғалтады. Оқушылардың білімін тексеру мақсатында Online Mektep платформасында бөлім бойынша және тоқсан бойынша /БЖБ, ТЖБ/ жиынтық бағалау сабақтарын құрастыру конструкторы бар екені өте қолайлы болды. Мұғалім жоспарлаған тапсырмаларын осы конструктор арқылы құрастырып, сайттағы кестеге орналастыра алады. Сонымен қатар кез келген сабаққа да дәл осындай конструктор арқылы сабақ құрастыруға болатыны қуантады.

Ұстаз үшін қашықтықтан оқыту кезінде оқушылармен байланыс ең маңызды болып табылады. Тапсырманың анық-қанығын, оқу материалдарына толық қолжетімділіктің болуын және тағы басқа жақтарын үнемі бақылау қажет. Электрондық күнделікте топтық хабарламаларды қолдануды ұсынуға болады. Сондай-ақ, өзім осы мақсатта оқушылар арасында танымал болған мессенджерді (Whatsapp және т.б.), тіпті әлеуметтік желілердің ресурстарын пайдалануды жөн көрдім.

Ұйымдастыру сәті және міндеттер мен мақсаттардың құрылымы — оқушыларға

материалды игеру уақыты, сабақ кестесі және т.б. көрсетілген нақты тапсырмалармен анықталады. Үй тапсырмасын тексеру кезінде оқушылардың жетістіктері мен сәтсіздіктеріне жалпы шолу, қиын сәттерді түсіндіріп шығуды талап етеді. Жаңа материалды, бейнежазбаларды, оқу тапсырмасын оқуға деген ынтасын арттыру үшін түрлі әдістерді қолдануға тура келеді.

Материалды оқымас бұрын оқушылар олардан не талап етілетіндігін нақты білуі керек, оған не назар аудару керек, қандай білім және практикалық дағдылар тексерілетінін көрсету қажет; тұтастай алғанда, оқушыларға жаңа материалды өз бетінше зерттеу алдында міндеттер нақты қойылуы керек.

Сабақты түсіну мен қорытындылаудың алғашқы сынағы — бұл жаңа материалды зерделеу, білім мазмұнын тапсырмалармен, интерактивті модельдермен және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтармен тікелей байланыстыру кезінде осы кезеңді жүзеге асырудың тамаша мүмкіндігі. Сабақты меңгеру, жіберген қателерді талдау және түзету — тесттер, кіріккен интерактивті модельдер және жауаптарды жинау формаларын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Тапсырмаларды уақтылы тексеруді және оқушыларға олардың жетістіктері мен қателіктері туралы көпшілікке немесе жеке ақпарат беруді қамтамасыз етеді.

Оқушыларға берілетін мәтіннен ең маңыздысын қалдырып, егер баланың тақырыбы қызықтыратын болса, қосымша материалдардың болуы туралы ескертулер жасап жүрмін. Мәтінді құрылымдау, мәтінді бөліктерге бөлу керек. Соңында қысқаша түйіндеме ұсынылады. Бұған қоса сызбалар және басқа визуализациялар материалды жақсы түсінуге және есте сақтауға мүмкіндік береді. Тапсырмалар мен оқу блоктары көлемі мен күрделілігіне қарай теңестірілуі қажет.

Ешкім үшін құпия емес біздің ауылда оқушыларға үйіндегі Интернеттің жетіспеушілігі жиі кездеседі. Сол себепті ұстаздарға кәдімгі оқулықты, баспа материалдарын және тапсырмаларды қолдана отырып материалды зерттеу бойынша жұмысты ұйымдастыруларымызға тура келеді. Әр сабақтың алдында балаға осы сақтау құралдарымен жұмыс жасау бойынша нақты нұсқаулар берілуі керек. Сонымен қатар, материалды әзірлеуді бақылауды және тексеру нәтижелерді оқушыға уақтылы жеткізуді қамтамасыз етудің барлық нұсқаларын ұсынуға тура келеді. Бұл жағдайда мұғалімнен оқушыға және керісінше материалдарды жеткізу жүйесін нақты әзірлеу қажет. Бұндай жағдай туындағанда курьерлік қызметті ұстаздың өзі атқарып кететіні де жасырын емес жағдай.

Қашықтықтан оқытуды күрделі процесс деп санамауымыз қажет, қазіргі білім беру ресурстарының болуы материалды зерттеуді ұйымдастыруда және оның дамуын бақылауда мұғалімнің міндеттерін жеңілдетуге арналған. Тек дұрыс материалды таңдап, оқушылармен байланысын жоғалтпау өте маңызды, үнемі ұстаз оқушымен бірге

екендігін және сабақ беру ұстаздың шеберлігін қажет ететіндігі сөзсіз.

Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуга, білімдерін онлайн жалғасыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

2.Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

3. Журнал «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» № 10-11(15 бет)

4.Интернет ресурстары:

1. <http://el.kz/>
2. <http://e.edu.kz/>
3. <http://stud.kz/>
4. <http://adilet.zan.kz/>

5. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.